

4 Шілде
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ БАСТАЛДЫ. ОЛ «ОРАЗА АЙТТАН» KEЙІН 70 КҮННЕН СОҢ БАСТАЛЫП, 3 КҮНГЕ СО-
ЗЫЛАДЫ. ҚҰРБАН АЙТ МЕЙРАМЫ- МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫНЫҢ БЕЙІТШІЛІК, БІРЛІК, АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙТЫН
БАСТЫ МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ БІРІ.



Мешітке жиналған жамағат ай-
тушы мерекені уағыз тыңдаумен
бастап, айт намазына тұрды.
Мешіт имамы Сұлтанбек Мұқа-
шов жиылған жамағатқа Құр-
бан айт мерекесінің маңызын,
күллі мұсылман бауырлар үшін
қадір-қасиеттерін айтты. Иман-

дылық шарасы одан әрі аудан
әкімі Асқар Қазыбаевтың жа-
мағатты Құрбан айт мерекесімен
құттықтауына ұласты. Намаз
оқылған соң құрбан шалуға рұқ-
сат берілсе, айтқа жиналған
жұртшылық арнайы жайылған
дастарханнан дәм татты. Онда



аруақтарға Құран бағышталып,
бата берілді. Сондай-ақ мерекеді
аудан жастары арқан тартыс, гір
тасын көтеру, мылтық ату сынды
спорт түрлерінен сайысқа түсті.
Гір спорты жарысында жастар
арасында Бекет Мырзақұлұлына
келер ешкім болмаса, ересектер

арасында Ұлан Абаев оза шықты.
Ал, арқан тартыс сайысында Көк-
жар мешіті командасы бірінші
орынды жеңіп алды.
Тәзімділікті талап ететін күштік
сайыс масс-рестлингте Әбіш Аб-
дуллин қарсылас шыдатпады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ОТАР КЛИПАНОВКА БЮСТ КОЙЫЛДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ, ЕКІ МӨРТЕ «ҚЫЗЫЛ ТУ» ЕҢБЕК ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, ҰЗАҚ ЖЫЛ БАСШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП, АУДАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС ҚОСҚАН ОТАР ҚЛИПАНОВҚА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТ-
КІШ-БЮСТ ҚОЙЫЛДЫ.



Сонымен қатар аудан орталығын-
да құрылысы аяқталып, пайда-
лануға берілгені тұрған қонақүй
мен мейрамхана, кафе және тағы
басқа да қызмет көрсету орында-
ры «Отар Қлипанов кешені» деп
аталмақ. Кешеннің құрылысы ме-
ноның ауласындағы Отар Қлипа-
новтың бюстін С.Бәйішев универ-
ситетінің кеңесшісі, философия
ғылымдарының докторы, про-

фессор Бекежан Ахан өз қаржы-
сына салдырды.Өткен жексенбі-
де бюсттің ашылу салтанатында
аудандық ақсақалдар кеңесінің
төрағасы Сәрсенбай Аманғосов
бастаған аудан ақсақалдары,
Қлипановтың зайыбы Шайзада
Қлипанова мен ұрпақтары және
аудандық мәслихат хатшысы Сә-
кен Займолдин мен Ойыл село-
лық округінің әкімі Артур Аманғо-

сов қатысты.- Бұдан 5-6 жыл
бұрын аудан орталығынан жер
алып, қызмет көрсету нысанда-
рының құрылысын бастаған бо-
латынмын. Алдымен автобөкет
салдық. Бұл сол кездегі қажетті
нысандардың бірі еді. Одан кейін
қонақүйдің құрылысын бастадым.
Өйткені ауданда қонақүй жоқ бо-
латын. Кешендегі 300 орындық
мейрамхана мен кафе қызмет

көрсететін болады. Өткен жыл-
дардағы пандемияға байланысты
құрылыс жұмыстары кешеуілдеп
қалған болатын. Қазіргі таңда
қонақүйдің құрылысы аяқталып,
адам қабылдауға дайын.

Мен бұл жерді «Отар Қлипанов
кешені» деп атадым. Көзі тірісін-
де оның жақсылығын көргендер
көп. Осындай адамдар кейде
еленбей, ұмыт қалып жатады.
Еңбек майданының батыры Отар
Қлипановты ойылдық әрбір бала
біліп-танып, үлгі тұтып өсуі керек.
Алда туғанына 100 жыл толуы-
на орай іс-шара өткізбекпіз. Аты
өшпесін деген мақсатта тартуым-
ды, сый-құрметімді осылай біл-
дірдім, - деді Бекежан Ахан.

Отар Қлипановтың көзін көрген
ойылдық үлкендер ол туралы
естеліктермен бөлісіп, ауданда
шағын және ортабизнестің да-
муына үлес қосып, қызмет көрсе-
ту нысандарын салып, оны жер-
гілікті тұлғаның атымен атаған
Бекежан Аханға алғыстарын жа-
удырды. Екі қабатты қонақүйдің
бірінші қабатында ойылдық ба-
лаларға арналған бірнеше бөлме
жасақтау көзделген. Оқушыларға
арналған барлық пәннен курстар,
қосымша сабақтар жүргізіледі.
Болашақта жас аналар үшін
уақытша бірнеше сағатқа бала-
сын тастайтын алаң іске қосыл-
мақ.

Самат НАРЕПТЕЕВ.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ
ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН АСТАНА КҮНІМЕН
ҚҰТТЫҚТАУЫ ҚАДІРЛІ ОЙЫЛДЫҚТАР!
АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!



Баршаңызды Елордамыз – Астана қаласының күнімен шын жүрек-
тен құттықтаймын!

1998 жылы Еуразия төрінде, Сарыарқаның төсінде заманауи Елор-
да бой көтерді. Бас қаланы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру – бұл қазақ
елінің тәуелсіз ел атанып, елдің даму жолы мен мемлекеттің қалыпта-
суын ойлап, болашағын баянды ету мақсатында қабылданған тарихи
шешім болды.

Бүгінде құла даладан өркендеп, дамуға бет түзеген, Арқа төсінде
сәні мен салтанаты жарасқан, сәулеті талайларды тамсандырған
Елордамыз – Тәуелсіздігіміздің тірегіне, экономикамыздың жүрегіне,
әлем елдері бас қосатын достық мекеніне айналды.

Нұр-Сұлтан қаласы еліміздің барлық өңірлері үшін дамудың ерек-
ше үлгісін көрсетті. Елордаға қарап бой түзеген, біздің ауданымыз да
жыл сайын өркендеп, экономиканың барлық салаларында даму көр-
сеткіштері сақталуда. Ең бастысы – аймақта тұрақтылық, түсіністік
пен азаматтық, достық келісім бар. Бұл біздің басты жетістігіміз деп
білемін.

Біздің астанамыз мемлекетіміздің басты мақтанышы, әрі символы.
Бұл кең-байтақ отанымыздың жүрегі. Сан ғасырдан бері азаттықты аң-
саған рухты бабаларымыздың арманы болған елдің ордасы, ұлттық
нақыштағы қайталанбайтын әсемдікке тұнған айрықша қала.

Уақыт озған сайын Астана қаласы күнiнiң маңыздылығы артып, ол
тек елордалықтар ғана емес, бүкіл еліміздің асыға күтетін мерекесіне
айналды.

Елордамыз қысқа мерзім ішінде кемел келешекке көз тіккен зама-
науи қалаға, біздің еліміздің саяси-экономикалық және мәдени орта-
лығына айналды.

Елордамыз еліміздің барлық өңірлері үшін дамудың үлгісін көрсетіп
келеді.

Сарыарқаның сары белінде, ұлан-байтақ қазақ жерінің қасиетті орта-
лығында мемлекетіміздің жаңа астанасының бой көтеруі - Қазақстан-
ның жас елордасы – қарыштап дамыған мемлекеттің, Мәңгілік Елдің
символы.

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды тағы да бас қаламыздың мерекесімен шын жүректен
құттықтаймын!

Қазақ елінің жүрегі мәңгі соғып, бас қаласы одан әрі гүлдене берсін!
Бүгінгі мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, бар-
шанызға мықты денсаулық, әрбір отбасына амандық, елімізге береке
- бірлік тілеймін!

Елорда күні мерекесі қарсаңында отбасыларыңызға амандық, зор
денсаулық, толағай табыстар тілеймін.

Туымыз тұғырлы, егемендігіміз еңселі, еліміз ғұмырлы болсын! Бас
қаламыз гүлдене берсін!

Ізгі тілекпен Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

БАЛАНЫҢ «КӨҢІЛІ» ДАЛАДА!

Жаз мезгілі балалардың асыр
салып ойнайтын уақыты. Ал
бала ойын арқылы дүниені та-
ниды, ойлау қабілеті артады,
көзқарасы қалыптасады. Сон-
дықтан балалардың сапалы
демалысына мән беру маңызды.
Жаз басталса ойын балалары
қамқорлықтың бір үлгісі деп
білеміз. Қазіргі уақытта әр ауыл-
да спорт алаңдары бар, сон-
дықтан балалар үшін, мысалы,
бір уақыт балаларға арналған
спорттық шаралар, түрлі ойын-
дар ұйымдастырылуы қажет-ақ.
Бүлдіршіндер қазірден спортқа
бір табан жақын болса, салауат-
ты өмір сүруге құштар болады.
Егер аталған спорттық шаралар
үнемі ұйымдастырылып тұрса,
алаңдар күтімі де сақталып,
балалардың спортқа деген қы-
зығушылығы оянар еді. Сонымен
қатар жылжымалы сауда орын-
дары да артықтық етпейді.

Бұл аудан тұрғындарының ортақ
пікірі деуге болады. Себебі
әр ауылдық округте салынған
балалар алаңқайларының
жағдайы да мәз емес. Сол себепті
де балалар ойнайтын алаңдар-
дың көп болғанының әбестігі жоқ.
Ауылдағы ойын алаңдарын үлкен
етіп салу міндет емес. Бастысы,
балалар алаңсыз ойнаса болға-
ны. Қалай десек те, саябақтар
қай қаланың болса да, ауылдың
болса да сәні екені рас. Сон-
дай-ақ сіз бен бізге жайлылық
сыйлайтын демалыс орындарын
күтіп ұстау, ол жердің тазалығын
сақтау тек тиісті қызметкерлер
ғана емес, сонымен қатар ауыл
тұрғындарының да міндеті екенін
түсінсек...

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Шілдеайының 13,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Тамыз айының – 3, 8,17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қыркүйек айының – 7, 14, 21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	8 тамыз - «АМАНАТ» партиясы Ойыл аудандық филиалы	2-12-19

2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Шілде – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Тамыз – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қыркүйек – 5, 12, 19,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Шілде – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Тамыз – 2, 9, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қыркүйек – 6, 13, 20,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Шілде – 7, 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Тамыз – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қыркүйек– 8, 15, 22, 29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Шілде – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Тамыз – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қыркүйек – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тажигалиев	Шілде 13,20,27 Тамыз 3,10,17,24,31 Қыркүйек 7,14,21,28 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ – ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, округ әкімі	Әр аптаның бейсенбі күні. Уақыты: Сағат: 10:00 – 12:30	Еңбеккерлер көшесі, №6	Сенім телефоны 8-(71-332)-73-6-01

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 8-71-332-73-6-01 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

«ИНВАТАКСИ» БЕЛГІЛІ ТОПКА ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНАДЫ!



Ойыл өңірінде тұрғындар «Ин- ватакси» деген белгісі бар ав- токөлікті ауылдың әр шетінен ау- руханаға адамдар тасып жүргенін байқаған болар. «Инватакси» деген жазудың нені білдіретінін айтар болсақ, бұл екі сөздің түбірінен қосылып алынған атау – мүгедектердің такси дегенді біл- діреді. Мүгедектігі бар көптеген адамдар үшін бұл қызмет ше- кеулі кеңістіктен шығудың жақсы құралы. Бүгінде бұл қызмет түрі еліміздің түкпір-түкпірінде жақсы дамып келеді.

Басты және негізгі қызметі — бала кезден мүгедек және 1, 2 - топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет көрсету. Бұл қызмет түрін Ойыл тұрғындарына осы көктемнен бастап «Бекарыс» дене мүшелерінің мүмкіндігі шек- теулі тұлғаларды қатарға қосу ор- талығы қоғамдық бірлестігі қолға алып аптаның жұмыс күндері көр- сетіп келеді.

"Инватакси" Ойыл селосы, Көк- жар көшесі. 43 «А» ғимаратта ор- наласқан. Байланыс телефоны: 87054947145 Бибіһұр Манасқы- зы.

Мүмкіндігі шектеулі жандар- ды ауыл іші ғана емес, қажетті жағдайда облыс орталығына ке- зекті әлеуметтік-медициналық сараптамадан өту үшін тасымал- дауда жолға қойылған. Осы кезге дейін екі пациентті Ақтөбе қала- сына жоғарыда айтылған қызмет алу үшін апарып келді. «Инватак- си» мүгедектігі бар адамдар күн- делікті пайдаланатын сұранысқа ие қызметтердің бірі екенін түсін- гендер алғысын айтып келеді.

Инватакси қызметтері бірінші ке-

зекте жұмыс істейтін және оқи- тын мүгедектектігі бар жандарға жұмыс немесе оқу кестесіне сәй- кес ұсынылады. Басқа мүгедек- тектігі бар жандарға инватакси қызметтері олардың өтініш беру тәртібімен ұсынылады.

Инватакси қызметтерін алуға өтінім телефон арқылы инва- такси қызметін көрсететін ұй- ымға жоспарланған сапар күніне дейін бір тәулік бұрын беріледі. Инватакси қызметтерін ұсыну үшін объектілер мен белгілен- ген пункттердің тізбесіне сәйкес, мүгедектектігі бар адамдар осы бағыттар бойынша жүре алады:

- 1) мүгедектектігі бар адамның жұ- мыс орны;
- 2) мүгедектектігі бар адамның оқу орындары;
- 3) жергілікті өкілді және атқарушы органдар;
- 4) сот, прокуратура;
- 5) әлеуметтік сала объектілері;
- 6) заң консультациялары;
- 7) нотариус;
- 8) медициналық мекемелер (же- дел (шұғыл) медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспаған- да);
- 9) әуежайлар, теміржол вокзал- дары, автовокзалдар, теңіз және өзен порттары;
- 10) арнаулы әлеуметтік қызмет- тер көрсететін ұйымдар.

Қызмет алу үшін "Бекарыс" ор- талығына мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1. Баланың туу туралы куәлігі
2. Ересек жандардың жеке куәлігі
3. Мүгедектігі туралы анықтама- сы.
4. Учаскелік дәрігерден 026 фор- ма.

Г.ЕРМАҒАМБЕТОВА,
Ойыл аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

БАҢК ЛИЦЕНЗИЯСЫНАН АЙЫРЫЛСА, САЛЫМШЫЛАР НЕ ІСТЕУІ ҚЕРЕК?



Есте ұстайтын жайт, салымдар- дың сақталуына Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры жауап береді. Қор құрылғалы бері лицензиясынан айырылған 11 банктің депозиторларына кепілді өтем төлеуді ойдағыдай жүзеге асырды. Осы орайда, Қордың депозиттегі ақшаны қайтару жол- дары туралы шағын нұсқаулығын назарларыңызға ұсынамыз.

ҚДКБҚ қандай қаржы құралдарына кепілдік береді?

Қор кепілдіктері жеке тұлғалар-

дың барлық отандық банктердегі және (ислам банктері мен олар- дың филиалдарын қоспағанда) шетелдік банктердің филиалда- рында орналасқан депозиттеріне, олардың ішінде ағымдағы және карточкалық шоттардағы ақшала- рына қолданылады.

Банк лицензиясынан айырылған жағдайда ҚДКБҚ оның салымшы- ларына кепілді өтем төлейді. Бұл жерде салымның түрі мен валю- тасына қарай бекітілген шекті кепілдік мөлшері, сондай-ақ са-

лымға есептелген сыйақы мөл- шерлемесі ескеріледі.

Максималды кепілдік мөлшері заңнама жүзінде бекітілген және оның сомасы салымның түрі мен валютасына қарай әрқалай болып келеді. Мысалы, теңгелік жинақ салым бойынша кепілдік мөлшері 20 млн теңгеден асы- рылмайды. Бұл тақырып бойын- ша толығырақ мына ақпарат көзі- нен танысып шығуға болады.

Төлемдер қашан басталады?

Кепілді өтем банк лицензиясынан

айырылған күннен бастап, 35 жұ- мыс күні ішінде төленеді. Алайда іс жүзінде бұдан да ерте беріледі.

Мысалы, 2020-2021 жылдардағы сақтандыру жағдайлары бойын- ша таратылып жатқан «Tengri Bank», «Asia Credit Bank (Ази- яКредит Банк)» және «Capital Bank Kazakhstan» банктерінің са- лымшылары өздерінің қаражат- тарына 6-8 жұмыс күні ішінде қол жеткізді.

Қор салымшыларға төлемнің басталуы туралы алдын ала ха- барлайды. Айталық, заңнамаға сәйкес банк лицензиясынан айы- рылған күннен бастап, 30 жұмыс күні ішінде ҚДКБҚ ресми баспасөз басылымдарында хабарландыру жариялайды. Онда өтем төлеудің басталу күні, мерзімі мен өтем төлеу орындары, осы төлемді жү- зеге асыратын агент банктердің атауы көрсетіледі. Бір мезгілде тиісті баспасөз хабарламасы ҚДКБҚ, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және агент банктердің сайттарында жарияла- нады.

Сондай-ақ аталмыш ақпарат телеарна жаңалықтарында ай- тылып, интернет және әлеуметтік желілерде тарайды.

ҚДКБҚ мен агент банктер ха- барландыру жарияланған күн- нен бастап, 5 жұмыс күні ішінде өтініштер қабылдап, өтем төлеуді жүзеге асырады.

Салымшылар қандай мерзім ішінде кепілді өтемді алуға өтініш

бере алады?

Салымшы төлем басталған күн- нен бастап, 1 жыл ішінде ҚДКБҚ немесе агент банкке өтем алуға өтінішті және қажетті растаушы құжаттарды бере алады. Оларды қарау мерзімі және өтем төлеу туралы шешім қабылдау 5 жұмыс күнінен асырылмайды.

Атап өту керек, ҚДКБҚ төлем мерзімінің аяқталатын күні тура- лы бұқаралық ақпарат құралда- ры және өзінің ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында төлем мерзімі аяқталуға жарты жыл және 30 күн қалғанда хабарлайды.

Егер салымшы төлем мерзімін өткізіп алса, не істеуі керек?

Төлем мерзімі аяқталған соң, ҚД- КБҚ салымшылардың талап етпе- ген ақшаларын олардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (БЖЗҚ) ашылған жеке зейнетақы шоттарына ерікті зейнетақы жар- налары ретінде аударады.

Бұл үдеріс салымшылардың дере- ректемелерін салыстырып, тек- серу арқылы жүзеге асырылады.

Егер салымшы төлем мерзімін «дәлелді себептер» бойынша өткізіп алған болса, тіпті оның ақшасы БЖЗҚ-ға аударылып кет-кен күннің өзінде сол өтем ақша- ны алу жөнінде Қорға жазбаша өтінішпен жүгіне алады.

Заңнамада дәлелді себептердің мынадай тізімі бекітілген:

- әскери қызметке кіру;
- Қазақстан Республикасынан тыс

жерде болу;

- депозитордың мұрасын қабыл- дау және мұраны иемденуге немесе ашуға байла- нысты өзге де себептер;
- бас бостандығынан айыру орын- дарында болу;
- сот анықтаған өзге де мән-жай- лар.

Аталған кез келген себеп тиісті құ- жаттармен расталуы тиіс.

Атап өту керек, дәлелді себеп- тер бойынша төлем алу жөнінде- гі өтініш ҚДКБҚ-ға мына мерзім ішінде, яғни:

- банк түпкілікті таратылғанға дейін;
- зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға сәйкес БЖЗҚ-да ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындағанға дейін берілуі тиіс.

«Дәлелді себептер» бойынша өтем алуға өтініш беру туралы толыққанды ақпаратты мына ма- териалдан оқып шығуға болады.

Депозиттер бойынша кепілдік беру және банк лицензиясынан айырылған жағдайда өтем төлеу тәртібі туралы толыққанды мағлұматтармен ҚДКБҚ kdf.kz сайтынан танысуға болады, сон- дай-ақ соған қатысты сұрақтарды info@kdf.kz поштасына, @kdf_ ask telegram-чатына жолдауға немесе 1460 тегін нөмірі арқылы ҚДКБҚ байланыс орталығына ха- барласуға болады.

Гүлнұр ҒАЗИЗҚЫЗЫ

Ата-аналар жиналысы дегенді кім ойлап тапты екен? Кім де болса Саматтың мінін жұртқа бадырайтып көрсету үшін ойлап тапқан сияқты. Оқу үлгерімі, тәртіп жағынан кемшілік болып қуыстанып тұрған жоқ. Мәселе мүлде басқада. Сол күні өзге балалардың әкелері бірінен кейін бірі тізіліп келеді де, міне, бізді көрдің бе дегендей кішкентай партаға әрең сиып, кеуделерін көріп отыра қалады. Саматтың ғана шешесі келеді. «Әкесі қайда?» деп ешкім айтпаса да іштей бәрі де сезетін сияқты. Соны ойлағанда өзі жақсы көретін қыз Сымбат жаққа қарай алмай беті дуылдап ысып кетеді. «Шешесінен басқа ешкімі жоқ деп ойлайды-ау» деп қорынады. «Менің әкем бар!» деп айтқысы келеді. Бірақ еш болмаса анда-санда төбе көрсетпегеннен кейін оған кім сенеді? Иә, ешкім де сене қоймайды. Енді Саматтың, әкесі бар балаларға қызыққаннан басқа амалы жоқ. Әкесі жоқ екенін біліп кейбір балалар мұны басынатын да сияқты. Бүгін күрес үйірмесінде жаттықтырушы бұны сұқаны сүймейтін Әміржанмен күрестірді. Самат оның жауырынын үш рет жер иіскетті. Соған ызылланған ол сасық күзенше сақылдап, сұқ сау-сағын шошайтып:

— Сен жетімісің! — деді.
— Жок, мен жетім емеспін, әкем бар! — деп шар ете түсті бұл.
— Әкең болса неге ата-аналар жиналысына келмейді? — деді ол ұрымтал тұстан ұстап.
— Ол ылғи да іссапарда жүреді, сондықтан да сәті түспейді, әйтпесе келер еді, — деді Самат оңайлықпен жеңілгісі келмей.
— Өтірік соғып тұрсың, — деді ол бұған сынай қарап.
— Жақында келеді, көр де тұр, келесі жиналысқа қатысады, — деді бұл сендіруге тырысып.
— Өтірігің шығып қалмасын, — деп ескертті Әміржан.
«Жетім» деген сөз сай сүйегін сырқыратты. Үйге келгеннен кейін Майлыаяқты құшақтап мұңын шақты.

«Майлыаяқ, — деді ол итіне мұңын шағып. — Айтшы, басқа балалардың әкесі ылғи қасында жүреді, менің әкем неге қасымда жүрмейді? Ол мені сағынбай ма? Неге ұзақ уақыт жоқ болып кетті?»

Майлыаяқ «түсінем ғой, бірақ амалым не?» дегендей қыңсылап, жылаған дауыс шығарып қояды. Бір жазда әкесі бұны ауылға алып барды. Атасы мен әжесі естері шығып қуанып қалды. Әсіресе әжесі өбектеп қояр емес. «Құлын-шағым!» — деп, тәтті-лөттіні аузына тосып әлек. Атасының үлкен бағы бар. Алма-алмұрттар жерде шашылып жатады. Жемістің бұдан басқа да түрі толып жатыр. Самат тойғанынша жеді.

Ауыл еңбеккерлеріне шөп бөлінген екен. Әркім өзіне тиесілі жердің шөбін орып алмақ. Зейнеткер ретінде атасы да сыбағадан құр қалмапты. Шөп шабуға сақадай сайланған атасы мен әкесі бұны да қастарына қосып алды. Таң бозымен ояңған олар, межелі жерге ерте жетіп, жұмысты бастап кетті. Саматқа да бір кішкентай орақ беріп қойған. Алғашқыда, ұйқысы қалбағанның да әсері бар, қайта-қайта орақтың ұшын жерге шанш берді. Жерге шаншылған орақты шығара алмай әуре. Бұндайда атасы көмекке келеді. Бірте-бірте шалғының жерге шаншылуды сирексіді. Енді үлкендерден қалыспауға тырысып, маңдайынан шып-шып тер шығып, шалғыны шабыттана сілтеді. Атасы дән риза.

— Менің балам жігіт болып қалыпты ғой! — дейді сүйсініп. Содан олар күн қызғанша еңбек етті. Күн қызған соң бәрібір жұмыстың мандымайды. Бір үлкен талдың көлеңкесін паналап, демалуға көшті. Атасы мосыға шай қайнатып, ыстық шайды ра-

АТА ИСІ

Салтанат Әбдіғали.



хаттана сораптайды. Саматтың ыстық шай ішкісі келмеді. Айран ішіп көріп еді, шөл қанатын емес. Соны сезген атасы жақын маңайдағы бұлақтан тастай су әкеліп, жартылай айран араластырып берді. Соны сіміріп салған сәтте шөл сап тиылды. Бұл сусынның атын «шалап» дейді екен. Шөл қандыратын шалапқа басқа сусын жетер ме! Солай олар бір апта бойы еңбек етті. Самат көдімгідей шынығып қалды. Бірде олар шөмеле үйіп тым кеш қайтты. Аспанда жұлдыздар да көріне бастаған еді. Өзеннен өтер кезде ат тұра қалып су ішті. Самат төменге көз салып еді, су бетінде жұлдыздар шүпірлеп тұр екен. Қатты қызығып кетті. Арбадан секіріп түсіп, жұлдыздарды ұстауға ұмтылғанын өзі де сезбей қалды. Ал су бетіндегі жұлдыздар қолдан сусып ұстатар емес. Атасы мен әкесі Саматтың аңғалдығына мәз.

— Ол жұлдыздардың суға түскен бейнесі ғой! — дейді атасы күліп. Самат ауылдың аспанындағы жұлдыздарға көдімгідей ғашық болып қалды. Қалада тым алыста, көмескі көрінуші еді. Ал мұнда тым жақын және баданадай ірі. Көрші балаларымен ойнау қандай қызық еді десейші! Самат олармен бірге суға түседі, кейде тұт жейміз деп алысқа ұзап кетеді. Ауылдың шетінде жібек құрты үшін егілген тұт бағы бар. Жібек құрты тұт ағашының жапырағын жейді. Ал жемісі балалардың ырзығы. Тұт жемісін бұл онша менсіне қоймаушы еді, сөйтсе онысы бекер екен, уылжып, дәмі тіл үйіреді.

Түнде әкесі екеуі далаға жатады. Екеуі әңгімелесіп, біразға дейін ұйықтамайды. Самат балалармен қандай ойын ойнағанын, қайда барғанын айтады. Әкесі тыңдап жатып ұйықтап кетеді де, бұл жұлдыздарға көз тігіп қараудан жалықпайды. Өбден шаршаған кезде қалай ұйықтап кеткенін де сезбейді. Қандай бақытты күндер еді десейші! Енді қайтып шынымен оралмай ма екен? Әкесі мен шешесі ажырасқан алғашқы жылдары Саматқа тіпті қиын соқты. Ішкі сырын ешкімге айта алмай іштен тынды. Соны сөзді ме екен, ойда жоқта атасы келіпті. Бір апта қасында болды. Күнде таңертең Саматпен бірге мектепке барады. Сол маңайды шиырлап, алысқа кетпей, пісте сататын ақсақ кісімен әңгімелеседі. Аландағы балалардың доп қуғанын тамашалайды. Өйтіп-бүйтіп уақыт өткізеді. Самат шыққан кезде тура қарсы алдынан күтіп алады. Дүкенге апарып жақсы көретін тамағын сатып әпереді. Екеуі күншуақта отырып демдерін басады. Самат атасы

әлперген тамақты жейді. Атасы кейде жадыраңқы боп еркелете үн қатса, кейде тұнжырап қалың ойға батып кетеді. Өлде денсаулығы сыр бере ме екен? Бәлкім басқа бір жайлар мазалайтын шығар? Өлден уақытта ұйқыдан ояңғандай селк ете түсіп, өз өзіне келіп:

— Тойдың ба? — деп сұрайды.
— Тойдым, — дейді бұл.
— Ендеше үйге қайтайық, — дейді атасы.
Осылай дөңгелеп бір апта өте шыққан. Демалыс күні атасы Саматты әбден қыдыртты. Ара-арасында дамылдаған сәттерінде ақылын айтып қояды.

— Шешенді ренжітпе. қолқабыс ет. Көрмейсің бе, таңертеңнен кешке дейін жұмыста жүреді, — дейді.

— Иә, иә, — деп бас шұлғиды Самат.
— Мен енді ауылға қайтайын Әжең іздеп жатқан шығар, — дейді атасы.
Сөйтіп атасы қоштасып ауылға қайтты. Сабақтан келсе үйдің іші қаңырап бос тұр екен. Жүрегі сыздап кетті. Үнсіз отырып қалды. Бір уақытта мұрнына жағымды, тәтті иіс келді. Бір таныс иіс сияқты. Қайдан шығып тұр? Орнынан тұрып қарап еді, жатын бөлменің есігінде атасының күртешесі ілүлі тұр екен. Ұмытып кеткен бе? Өлде әдейі қалдырды ма екен? Екі-үш аттап басып барды да, күртешені мұрнына басып құшырланып иіскеді. Содан кейін күртешені киімдерінің арасына қосып қойды. Атасы мен әкесін сағынған кездерінде білдірмей алып ұзақ иіскейді. Дүниедегі ең құдіретті иіс осы сияқты сезіледі.

Бұл иіске жетер тәтті иіс бар ма екен? Атасының бұл соңғы келуі екен. Көп ұзамай қайтыс болды деген хабар жетті. Одан кейін артынып-тартынып әжесі келіп жатып ұйықтап кетеді де, бұл жұлдыздарға көз тігіп қараудан жалықпайды. Өбден шаршаған кезде қалай ұйықтап кеткенін де сезбейді. Қандай бақытты күндер еді десейші! Енді қайтып шынымен оралмай ма екен? Әкесі мен шешесі ажырасқан алғашқы жылдары Саматқа тіпті қиын соқты. Ішкі сырын ешкімге айта алмай іштен тынды. Соны сөзді ме екен, ойда жоқта атасы келіпті. Бір апта қасында болды. Күнде таңертең Саматпен бірге мектепке барады. Сол маңайды шиырлап, алысқа кетпей, пісте сататын ақсақ кісімен әңгімелеседі. Аландағы балалардың доп қуғанын тамашалайды. Өйтіп-бүйтіп уақыт өткізеді. Самат шыққан кезде тура қарсы алдынан күтіп алады. Дүкенге апарып жақсы көретін тамағын сатып әпереді. Екеуі күншуақта отырып демдерін басады. Самат атасы

бірнәрсе ойлап таппаса балалардың табасына қалатыны анық. Ары ойлап, бері ойлап көрші үйдің есігін қақты.

— Оу, қалай батыр? — деп Жақсылық аға оны көңілді қарсы алды.

— Сіздің бір көмегіңіз керек болып тұр, — деді Самат етігінің ұшымен жер шұқып.

— Иә, айта бер, қысылма, — деді Жақсылық аға бұған мейірлене қарап. Оның жылы қабақ танытқанына көңілденген Самат:

— Шешемнің орнына ата-аналар жиналысына қатысыңызшы, — деді қиылып.

Саматтың бұйымтайының жай-жапсарын түсінді-ау деймін, Жақсылық аға ештеңе қазбалап сұрамады.

— Міңдетті түрде барамын, уайым жеме, — деді арқасынан қағып. Ертеңіне айтылған уақытта Жақсылық аға жетіп келді.

— Сіз кім боласыз? — деді мұғалима таңдана қарап.

— Мен Саматтың әкесі боламын, — деді ол сенімді түрде.

— Ендеше төрге шығыңыз, — деді апай.

Жақсылық аға жиналысқа қатысып қана қоймай, белсенділік танытып, тың ойларын ортаға салып, елді аузына қаратты. Ол өткен шақты еске алып, қаршадайынан жұмыс істегенін, сол еңбектің арқасында адам болғанын баса айтып: «Менің баламнан үлгі алыңдар, ол шешесіне көмектеседі, бос уақыты тіпті жоқ, ұлдың жұмысын да, қыздың жұмысын да істей береді», — деп Саматты жер-көкке сиғызбай мақтады. Мақтаулардың бірнамасы рас та еді. Балалардың бәрі мұны жаңа танығандай таңдана қарады. Мұғалім апай да жылы жымиды. Саматтың төбесі көкке бір елі жетпей қалды. Ең қуаныштысы Сымбат қасына келіп: «Үйге бірге қайтайық», — деп ұсыныс тастады.

Қандай қуанышты күн еді десейші! Айналадағы тал-теректердің бәрі ән салып тұрғандай көрінді Саматқа. Жол бойы сыныптасына жымиып күліп қарай береді. Сымбаттың жүзі де нұр шашып тұр еді.

— Сенің әкең сондай жайдары екен! — деп мақтады ол.

— Иә, ол сондай жақсы адам, — деп қоштады.

— Сондай әкең бар сен бақыттысың! — деді Сымбат.

— Иә, мен бақыттымын, — деп күмілжіді Самат.

Сымбат қаланың басқа шетінде тұрады. Екеуі жол айрығына дейін бірге барды.

Осыдан бір-екі күн өткеннен кейін Жақсылық аға, Саматтың әкесіне жолықты. Болған жайды баяндады. Ұлының сағынып жүргенін айтты. Ол үндемей тыңдады. Айтылған әңгіменің қатты әсер еткенін бір қызырып, бір бозарған жүзінен аңғару қиын емес еді.

Самат енді ата-аналар жиналысы десе аса уайым жей қоймайтын болды. Келесі ата-аналар жиналысының хабары жеткенде арсалаңдап көрші ағаға жетіп барды.

— Тағы да жиналыс па? — деп сұрады ол.

— Иә, жиналыс.

— Міңдетті түрде барамын, — деді Жақсылық аға арқасынан қағып. Сабақ соңына қарай ата-аналар түгел жинала бастады. Жақсылық аға көріне қоймады. Сірә, бір жұмыстары болып көшігіп жатқан шығар. Самат оның келетініне толық сенімді еді.

Жиналыс орталана бере біреу есік қақты. «Жақсылық аға!» деп ойлады Самат қуанышы қойнына симай. «Кіріңіз» деп рұқсат берді мұғалима. Бір уақытта құлақының мыжғылап ұстап мұның өз әкесі кіріп келді. «Әке!» деп жан даусы шығып орнынан атып тұрған Самат оны бас салды.

Өткен ата-аналар жиналысында оның өтірік айтқанын бәрі де білді. Бірақ ешкім кінәлап жатпады.

adebiportal.kz

“ӘН ДОМБЫРА, ЖЫР ДОМБЫРА, КҮЙ ДОМБЫРА”



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы және Ойыл аудандық мәдениет үйінің ұйымдастырумен Ұлттық домбыра күніне орай орталық саябақта «Ән домбыра, жыр домбыра, күй домбыра» атты домбыра party шарасы өтті. Кешке Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің оқушылары, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары атсалысып, домбыраның «құлағында ойнаған» ауданның өнерпаз жастары қаты-

сты. Шара барысында қазақтың дәстүрлі әндері шырқалып, күмбірлеген күй ойналды.

Сондай-ақ, көрермендерге домбыра жөнінде сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген көрермендерге сыйлықтар табысталды.

Ұлттық домбыра күні құндылығымызды ардақтау, рухани жаңаруымызға үлес қосар мереке. Өйткені шаңағынан рух берер күй күмбірлегенде елең етпейтін қазақ жоқ. Домбыра үні қанымызда бар, ұлттық өнеріміз. Ғасырлар бойы қазақтың серпігі, қиындықта сүйеу, қуанышта көңілінің қанаты болған домбыраға арнайы күн белгіленуі үлкен қуаныш.

Домбыра - ол қазақтың жаны, күй күмбезін көкке өрлеткен көненің көзі. Домбыраның әуенімен қазақтың талай күйшілері, ақын-жыраулары мен сал-серілер музыка әлемінде жыр төгіліп, күй шерткен.

Сондықтан да бұндай тағылымы терең, мазмұнды шараның өтуі-ұлтымыздың терең тамырлы мәдениетін асқақтатып, рухын көтерері анық.

СУҒА ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚ



Күн ысыған сайын су жағалауларындағы халықтың қарасы көбейетіні мәлім. Отбасы дос-жаранмен бас қосып, бой сергітіп, суға сүңгуге асыққан халық таң атысымен өзен-көл жағалауына қарай ағылады. Суда жүзуге, күнге қыздырынып, жағажайда демалу әрине адам денсаулығына пайдасы зор. Дегенмен демалыста сақтық әрі қауіпсіздік талаптарын ескеру аса қажет. Жаз айларында су айдындарында азаматтардың суға шомылуы кезіндегі сақтық шараларын сақтамауы салдарынан түрлі оқыс оқиғаларға ұшырауы жиі орын алады. Су айдындарындағы адамдардың өлімінің басты себебі-суда болу кезінде қарапайым қауіпсіздік жүріс-тұрыс қағидаларын сақтамау болып табылады.

Тұрғындардың тек рұқсат етілген аймақтарда ғана шомылуға болатыны үнемі айтылып келеді. Алайда оны елемейтіндер баршылық. Өзендер мен көлдерде, тоғандарда, тоқтау сулар мен шалшық суларда шомылудың қауіпі мол. Апаттың айтып келмейтіні белгілі ғой. Үлкенге де, кішіге де суға түсу кезінде аса сақ болу қажет.

Суға әр түрлі жас топтарындағы адамдар түседі. Бірақ суға батқандардың көбісі-жас ер азаматтар. Су айдындарында адамдардың қаза болуының себептері де әртүрлі. Суға батқандардың жартысы ережені бұзған азаматтардан құралса, үштен бірі мас күйінде, енді бірі тыйым салынған орында суға шомылғандар, ал қалғандары үлкендердің қарауынсыз қалған балалар.

Ойыл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің мұғалімі Байманова Алияға бауыры

Амангелді Дильназдық
кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасына,ағайын- туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1321 дана. Тапсырыс 921 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Астана туралы қызықты деректер

Бүгінде Астана – әлемдегі ең жас астаналардың бірі. Қала өзінің 24 жылдық тарихында талай айтулы оқиғаларды көріп, басынан өткерді, беделді қонақтарды қарсы алып, бітімгершілікке айналды. Біздің материалда астана өміріндегі ең қызықты оқиғалар туралы.

1. «Астана-Бәйтерек» кешенінің биіктігі - 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «Бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағында орналасқан алып шар диаметрі - 22 метр, салмағы - 300 тонна. Алып шар «хамелеон» әйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шар түсі ауысып тұрады. Жоба сәулетшісі - Норман Фостер. 2002 жылы ашылған кешен Астана қаласының ғана емес, күллі Қазақстанның нышанына айналды. Мұнара негізгі үш әлемнен құрылған: жер асты, жер және аспан әлемі. Төрт жарым метр тереңдікте орналасқан астыңғы қабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан.

2. «Атамекен – Қазақстан қар-

3 миллион литрге жететін мұхитаралда теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрі мекен етеді. Әр түрлі көлемдегі 11 аквариумды екі үлкен көрме аймағы мен қалыңдығы жеті сантиметрге жететін 70 метрлік дәліз бар.

6. «Отан Ана» кешені. Жоңғар шапқыншылығы мен Ұлы Отан Соғысы кезінде ерлікпен қаза тапқан жандардың құрметіне салынған. Ұзындығы 24 метрді құрайтын мемориал ортасында граниттен тұрғызылған таста алтын шара ұстаған әйел бейнеленген. Қолындағы шара тыныштық пен гүлденудің белгісі. Барельефтің оң жағында кеңес әскерлері, ал сол жағында жоңғар шапқыншылығында қаһармандық танытқан қазақ батырлары бейнеленген. Төменгі жақта мәңгілік алау орналасқан.

7. Декоративтік мүсіндер. Астана қаласының басшылығы суретшілер, дизайнерлер және сәулетшілердің арасында үлкен байқау ұйымдастырды. Шарт бойынша байқауға қала көркін ашатын жобаларды ұсыну керек еді. Байқау аяқталған соң, үздік деп танылған



тасы» этно-мемориалды кешені. Ашық аспан астындағы «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешенінде қазақ жерінің сұлу табиғаты бейнеленген. Картада 14 облыс және Астана мен Алматы қалалары орналасқан. Қазақ жерінің табиғи-климаттық аймақтары, ландшафт, сәулетті көркем ғимараттары мен көлік жолдарын

жобалар Астана көшелерінде орын алды. Қоладан тұрғызылған мүсіндер әр қилы болғанымен, оларды барлығы қаланың сәнін кіргізіп, көпшілік қауымның сүйікті демалыс орындарының біріне айналды.

8. Қаладағы ең қысқа көшенің ұзындығы 358,7 метр ғана. Ол Біржан салдың атымен аталады (ескі атауы – Вокзальная).



көруге болады.

3. «Қазақ елі» мемориалды кешені. Мәрмәр монумент - кең-байтақ Қазақ жері мен оның халқының бірлігін, болашақта көркейіп, дамуының белгісі. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Монумент шыңында алып құс Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен Қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» қола барельефтері қашалған.

4. «Хан-шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы. Танымал британ сәулетшісі Норман Фостердің жобасымен салынған. Қала орталығында бой көтерген бұл орталық салмағы 2300 тонна болатын металл қондырғылардан тұрғызылған. Шатыр биіктігі 150 метрге дейін жетеді, сыртқы жағы тұтас әйнектермен қапталған. Арнайы қондырғылар ішкі температураны бір қалыпты сақтайды. Алты қабатты орталықта сауда нүктелерімен қатар, ойын-сауық орындары жұмыс істейді.

5. Думан ойын-сауық орталығы. 2003 жылы мамыр айында жұмысын бастаған бұл кешенде мұхитаралы, 5D-кинотеатр, үлкен күмбезді кеңістік, сауда нүктелері мен тамақтану орындары бар. Бұл ТМД-дағы алғашқы мұхитаралы бар үлкен кешен. Су қоры

9. Астанамызда орналасқан «Астана Арена» стадионы қозғалмалы шатыры бар әлемдегі санаулы ареналардың қатарына жатады. Жылжымалы шатыр баржоғы 30 минутта ашылып, жабылады. Сыйымдылығы – 30 мың адам. Онда спорт ойындары мен түрлі концерттер өткізуге болады.

10. «Астана Опера» театры Орта-



ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ АСТАНАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Әлемде ерекше менталитеті бар елдер жеткілікті. Әрбір астана – жасына және халқына қарамастан, өзіндік тарихи базаға ие. Қаланың мәдениетін зерделеу арқылы көптеген қызықты мәліметтер туралы білуге болады.

Жер шарында «астана» деп аударылған екі қала бар. Бұл – Оңтүстік Кореядағы Сеул және Қазақстандағы Астана.

Австралиядағы Сидней – ең үлкен қала. Оның аумағы 12144 шаршы метрден асады.

Пекин – қытай тілінен аударғанда «солтүстік астана», Токио – жапон тілінде «шығыс астана» деп аударылады.

Иерусалим – екі мемлекеттің астанасы: Израиль және Палестина.

Танзанияның екі астаналары бар: әкімшілік орталық Дарас-Салам, заңнамалық – Додома.

Венгрия астанасы – Будапешт қаласы, 1873 жылы құрылған. Үш қала Дунай жағалауында орналасқан: Буда, Обуда және Пешт. Астананың аты аталған үш қаланың атауын біріктіру арқылы пайда болды.

Берлин – өмір сүретін түріктердің саны бойынша екінші орында, бірінші орында Анкара.

Испанияның астанасы – Мадрид, елдің дәл ортасында орналасқан.

Австрия астанасы Вена өмір сүру сапасы ең жоғары қала деп танылды.

Швейцарияның ресми астанасы жоқ, Берн – тек федералды маңызы бар қала.

1815 жылдан 1822 жылға дейін Рио-де-Жанейро Португалия, Бразилия және Алгарвияның астанасы болды.

Қазіргі замандағы қалалардың ең көнесі – Дамаск.

Бразилия астанасы – Бразилиа, Гиннестің кітабына ең кең көшесі бар қала ретінде кірді.

Forbes журналы бойынша, Лондон ең стильді қала болып саналады.

Лихтенштейнның астанасында әуежай немесе темір жол станциясы жоқ.

Париж, өз аумағында орналасқан мейрамханалар саны бойынша алғашқы орынға ие. Олардың көпшілігі тек қалада ғана емес, күллі әлемде танымал.

Грузия астанасы Тбилиси, 400 жыл бойы арабтардың қаласы болды және «Тбилиси өмірлігі» деп аталды.

1755 жылдың 1 қарашасында болған күшті жер сілкінісі нәтижесінде, Португалия астанасы Лиссабон жерден жойылды. XVIII ғасырдың соңында қала қалпына келтірілді.

Гватемала, Панама, Сан-Марино, Люксембург, Андорра, Монако – елдерінің астаналары да осылай аталады.

Буэнос-Айрес футбол стадиондарының сыйымдылығы жағынан әлемде бірінші орын алатын қала.



лық Азияда ең үлкен театр болып аналады.

11. Назарбаев зияткерлік мектебінде 1000 бала «Балбырауын» күйін орындап, Гиннес рекордтар кітабына енгізіліп берді.

12. "Нұр Әлем" - Астана ЭКСПО-2017 көрмесінің архитектуралық символына айналған көрме кешенінің орталық нысаны. Бұл диаметрі 80 метр, биіктігі 100 метр болатын әлемдегі ең үлкен сфералық ғимарат. Әлем бойынша алғашқы "толық сфера" түріндегі ғимаратта құрылым бірегейлігі жатыр. Құрылымның қасбетінде күн энергиясын электр қуатына түрлендіретін фотовольтаикалық элементтердің бірігуі ойластырылған. Сонымен қатар, сфераның жоғарғы жағында 2 жел генераторы бар.

13. Астанада әлемдік деңгейдегі бес жұлдызды алғашқы халықаралық премиум-класты қонақ үй ашылды. Оның ашылу салтанатына Мемлекет басшысы қатысты. «Ритц-Карлтон» Talan Towers көпфункционалды кешенінің ғимаратында орналасқан. Қонақ үй құрылысына Қа-

және келісім сарайы, «Хан-Шатыр» ойын-сауық орталығы, Тұңғыш Президент кітапхана ғимаратының авторы – әйгілі сәулетші Норман Фостер. Ол бұған дейін Лондондағы «Millennium Bridge» көпірін, Пекиндегі ғаламат әуежайды салған.

16. «Астана қаласының Құрметті Азаматы» атағын алған 22 адамның ішінде бұрынғы екі Президент бар. Олар – Грек Республикасының Президенті Констининос Стефанопулос және Корея Республикасының Президенті Ли Мен Бак.

17. Елордадағы ең ескі ғимаратқа 174 жыл болған. Ол – Сәкен Сейфуллиннің музейі. Оның негізі сонау 1846 жылы қаланған екен. Онда Алаш қайраткері тұрған деп ойласаңыз қателесіз. Алғашында ғимарат келген тауарларға есеп жүргізу мақсатында бір қабатты етіп салынған. Ал XX ғасырда ол «Зорька» балабақшасына айналып шыға келді. Тек 1988 жылдың 20 ақпанында Сәкен Сейфуллиннің есімі ақталғаннан кейін, өзі жұмыс жасаған ғимаратты музейге айналдыру ісі қолға алынған еді.



зақстанның компаниялары қатысты. Жаңа ғимаратта ең жоғары дейгейдегі іс-шараларды өткізіп, жоғары мәртебелі меймандарды қабылдауға қажетті барлық инфрақұрылым бар.

14. «Қазақстан» орталық концерт залы – акустикалық сипаттамасы жағынан керемет ғимарат. Иде-яның авторы – итальяндық сәулетші Манфредо Николетти. Ол

Жалпы, Нұр-Сұлтан қаласында жүз жылдық тарихы бар ғимараттардың саны – 9.

18. Нұр-Сұлтан қаласының елтаңбасы мен туы астана болғанына 11 жыл толғанда ғана бекітілген. Ол 2008 жылдың 5 маусымы болатын. Нұр-Сұлтан қаласының Елтаңбасы көгілдір түс аясында алтын түсті «Бәйтерек» пен «Шаңырақ» бейнеленген екі



– әлемдегі ең алдыңғы қатарлы жобалаушылардың бірі. Оның жобаларының ішінде Малайзиядағы Петалинг-Джаяның павильондары, Арецодағы жаңа сот ғимараты және басқалары бар. Бұл залда өткізілетін шараға байланысты көрермендер залы мен акустиканы өзгертуге мүмкіндік бар.

15. Бас қаладағы Бейбітшілік

нышан орналасқан деңгелекті білдіреді. «Бәйтерек» негізінде «Құсқанаты» оюы орналасқан, оның төменгі жағында «Н» әрпі орналасқан, «Құсқанаты» оюы және «Н» әрпі алтын түсті «Шаңырақ» пен «Құсқанаты» оюының сыртқы жағында жасылмен көмкеріледі. Сыртқы сақина орналасқан жердің сол және оң жағында алтын түсті «Бөрікөз» оюы орналасқан. Елтаңбаның төменгі жағында қызыл түсті «Nur-Sultan» деген жазуы бар. «Nur-Sultan» жазуының сол және оң жағында алтын түсті үш симметриялы сызықтар орналасқан. Нұр-Сұлтан қаласының Туы ені мен ұзындығы 1:2 қатынастағы ортасында Нұр-Сұлтан қаласының Елтаңбасы орналасқан тік бұрышты жалпақты білдіреді, одан жан жаққа алтын түстегі күн сәулелері шашылып тұрады.

19. Нұр-Сұлтан қаласының миллионыншы тұрғыны 2016 жылдың 4 шілдесінде дүниеге келді. Ол жас отбасы Олжас пен Арайлымның шаңырағында туған Саида Мұхамедияр есімді қыз бала.

20. Нұр-Сұлтан қаласының айналасында 75 мың гектарға созылып жатқан жасанды жасыл белбеу бар. Онда 9 миллионнан аса ағаш өседі.

Фотосуреттер интернет желісінен алынды.

